

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№20 (9338) | 1954 жылғы 26 январь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## КОЛХОЗДАРДА ЕСЕП БЕРУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ ЖЫЙНАЛЫСТАРЫ ЗОР ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ӨТКІЗІЛСІН

Облысымыздың колхоздары өздерінің 1953 жылғы істеген барлық шаруашылық жұмыстарына қорытынды жасауды аяқтап келеді. Кәзір көп колхоздарда мүлік қаттау, тексеру жұмыстары толық аяқталды. Қырыққа жуық колхозда жылдық есеп жасалып, оларды аудандық Совет атқару комитеттері қарап бекітті.

Жылдық есеп жасау жұмысының қорытындылары көптеген колхоздар үшін өткен 1953 жылдың тамаша табыстар жылы болғанын айқын көрсетіп отыр. Бұл — колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан барған сайын нығайта беру жолындағы, әсіресе, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қойған міндеттерді мүлтіксіз жүзеге асыру жолындағы колхозшылар мен МТС механизаторларының еңбек майданындағы қажырлы күрестерінің игі нәтижелері екені сөзсіз.

Колхоздың бір жыл ішіндегі жұмыстарына қорытынды жасау, колхоздың қоғамдық шаруашылығын онан әрі өркендету берудің нақтылы шараларын белгілеу өте маңызды жұмыс. Бұған барлық колхозшылардың белсенділігімен қатысып, ерекше назар аударулары қажет.

Үстіміздегі жылдың 20 февральна дейін облысымыздың барлық колхоздарында есеп беру және есеп- беру сайлау жыйналыстары толық өткізілуге тиіс. Есеп беру және есеп беру- сайлау жыйналыстары колхоз өміріндегі ең маңызды науқанған бірі. Ауылшаруашылық артелінің Уставына байланысты бұл жыйналыстарға барлық колхозшылар тегіс келіп, колхоздың шаруашылық-финанс жұмыстарына және колхоз басқармасының басқару жұмыстарына талқылау жасауға, шаруашылықта орын алып келген кемшіліктерді ашуға, сөйтіп, қоғамдық шаруашылықты бұдан бейлап да өркендей беруінің жолдарын, бұл күнге дейін пайдаланылмай келген резервтерді пайдаланудың шараларын белгілеуге белсене қатысулары керек.

Есеп беру және есеп-беру-сайлау жыйналыстарының ойдағыдай өткізілуі — бұл жыйналыстарға әзірлік жұмыстарын жан-жақты, тыңғылықты жүргізуге байланысты. Полудень, Преснов және Соколов аудандарының колхоздары жылдық есеп жасау, мүлік қаттау және колхоздарды тексеру жұмыстарын ойдағыдай өткізді. Дегенмен, жылдық есеп жасау жұмысы кейбір аудандардың колхоздарында

дейін орын алып келеді. Мәселен, Октябрь ауданындағы Семиполка, Ворошилов атындағы МТС-тердің, Преснов ауданындағы Майбалық МТС-нің, Прешіп ауданындағы Ленин атындағы және Тимирязов атындағы МТС-тердің басшылары МТС штатын колхоздарда есеп жүргізуге басшылық ететін аға нұсқаушы- бухгалтерлермен толықтыру жұмысына көңіл аудармай отыр. Ал, МТС-терде аға нұсқаушы- бухгалтердің болмауы салдарынан колхоздарға МТС тарапынан есеп жүргізу жөнінде нақтылы көмек мүлдем жоқтың қасы.

МТС басшыларының аса маңызды міндеттерінің бірі — қамтуындағы колхоздардың есеп-қыйсап жұмыстарының нақтылы жайымен жете танысып, осының негізінде олардың ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту керекті шараларды белгілеуі отыр.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қойған аса жауапты әрі маңызды міндеттерді орындау ісі колхоздарға басшылықтың мықтап жақсаруын керек етеді. Колхоз председателдері — колхоз өндірісіндегі негізгі тұлға. Колхоздардың қоғамдық шаруашылығын әржақты өркендету беру колхоз председателдерінің іскерлігіне, ұйымдастырушылық қабілетіне тікелей байланысты. Олай болса, колхоздардың алдағы есеп беру-сайлау жыйналыстарында колхоз председателдігіне ауылшаруашылық артелін басқаруға қабілеті, ауылшаруашылық білімі бар мамандарды сайлау мәселесіне ерекше назар аударылуы керек. Мұндай аса маңызды мәселелерді шешуде, әсіресе, аудандық партия комитеттері зор ұйымдастырушылық және басқарушылық роль атқаруға тиіс. Олар колхоз председателдігіне шаруашылықты басқаруға тәжірибесі бар, білімі жеткілікті, мемлекет мүддесін жоғары санайтын іскер адамдарды іріктеп ала білулері керек.

Жылдық есепті жасағанда колхоздың заттай және ақмалай табыстарын бөлудің дұрыс жүргізілуіне, қоғамдық мүліктің, астықтың, ақша қаражаты есептерінің дұрыс алынуына баса көңіл бөлінуі керек. Колхоздардағы тексеріс жұмыстарын жүргізуге тексеру комиссиялары белсене қатынасуға тиіс. Олар артель Уставының бұрмаланбауына үнемі назар аударып отыруға міндетті.

## Облыс еңбекшілері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына қызу әзірленуде

### ★ ЛАЙЫҚТЫ ТАРТУЛАР ӘЗІРЛЕУДЕ

Қаладағы «9 Май» кәсіпшілік артелінің коллективі арасында ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы хабар зор өндірістік өрлеу туғызды.

Сайлау қарсаңындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасқан артель коллективі жарты айлық жоспарды мерзімінен бұрын, асыра орындады. Социалистік жарыста артельдің үлгі цехының мастери Сергеева, жаппай киім тігу цехының жұмысшысы Склярова, тігінші Болмакова жолдастар алда келеді. Олар сменалық тапсырманы 150—170 процентпен орындап, еңбек үлгілерін көрсетуде.

Артель коллективі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күндерін тоқсандық жоспарды мерзімінен бұрын орындаумен қарсы алуға міндеттеме алысты.

М. СӘЛМЕНОВ.

### Кысқы агротехникалық шаралар

Октябрь ауданындағы «Пламя», Киров атындағы, Степан Разин атындағы колхоздардың колхозшылары ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты өрістете отырып, көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде.

Бұл колхоздарда дайындалған дөңді дақылдар егісінің тұқымдары кәзір тазартылып болуға жуық. Тұқым тазартуға машина күші өнімді пайдаланылады. Бұл жұмысқа бөлінген колхозшылар күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындайды. Тазартылып, шығымдылық сапаға жеткізілген тұқымдық дән жақсы жабықталған қоймаларда сақталады.

Сол сияқты, колхозшылар егіс алаңдарына қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыштар жыйнау жұмыстарын да ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Аталған колхоздардың әрқайсысы 700-1000 гектарға дейін егістік алаңға қар тоқтатты. Бұл, күс сабырығы, мал қиы сыяқты тыңайтқыштар көп дайындалды.

Кысқы агротехникалық шараларды ойдағыдай жүзеге асырумен бірге, колхозшылар көктемгі егіске керекті ауылшаруашылық құрал-саймандарды жөндеу жұ-

Колхоздарда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірлікті ойдағыдай жүргізіп, оны ұйымшылдықпен өткізу — жергілікті партия, совет ұйымдарының бүгін таңдағы жауапты міндеттерінің бірінен саналады.

### Халықтық демократия елдерінде

Бесжылдықтың қорытындылары және Чехословак халық шаруашылық жоспарының міндеттері

ПРАГА, 23 январь. (СОТА). Чехословакияның Ұлттық жыйналысының сессиясында 1954 жылдың халық шаруашылық жоспарының үкметтік жобасы туралы Мемлекеттік жоспарлау басқармасының министр-председатели Иозеф Пучик баяндама жасады.

Бірінші бесжылдықтың орындалуының қорытындылары туралы айта келіп, Пучик бесжылдық жоспарда көрсетілген міндеттердің негізінен орындалғандығын атап көрсетті. Республиканың халық шаруашылығының структурасы өзгерді. Өндіріс құралдарын өндіру 2,5 есе ұлғайды, ал, өндірістің жалпы көлеміндегі оның үлесі 1948 жылғы 56 проценттен 1953 жылы 62 процентке дейін көтерілді.

Бесжылдықтың аяғында өнеркәсіптегі социалистік сектор шығарылып отырған өнімнің 99,6 процентін берді, құрылыста оның өнімі 99,8 процент, транспортта — 100 процент, саудада — 99,7 процент ал ауыл шаруашылығында — социалистік сектордың өнімі — 45,4 процент болды.


Бесжылдықтың ішінде халық шаруашылығына 97 миллиард крон жұмсалды. Осы уақыттың ішінде ұлттық табыс 2,3 есе өсті.

Бесжылдық жылдарының ішінде еңбек өнімділігі өнеркәсіпте 64 процент, құрылыс жұмысында — 49 процент ұлғайды. Осы уақыттың ішінде халық шаруашылығының барлық салаларында орта есеппен алғанда еңбек ақы 35 процент көбейді.

Чехословакияның барлық селолары электрленген және телефон байланыстары бар.

1953 жылы әлеуметтік-мәдени шараларына, соның ішінде пенсия төлеуге 22,3 миллиард крон жұмсалды, бұл мемлекеттік шығындардың төрттен бір бөлігінен артық.

Мұнан әрі Иозеф Пучик 1954 жылдың мемлекеттік жоспарының міндеттеріне тоқталды. Ол 1954 жылдың халық шаруашылық жоспары энергетика мен көмір өнеркәсібінің дамуындағы ең ал-



Қаладағы шағын двигательдер зауытының автоматчигі И. Некрасов жолдас ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіне өзіне көтеріңкі міндеттеме алып, күнделік тапсырманы біржарым еседен асыра орындап жүр.

СУРЕТТЕ: И. Некрасов жолдас жұмыс үстінде.  
Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Үгітшілер сайлаушылар арасында

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу жөнінде Указ жарияланғаннан кейін-ақ партия ұйымы үгітшілердің құрамын толықтырып, оларды тиісті участоктерге бөлді. Үгітшілердің алғашқы кезінде сайлау алдындағы бұқаралық-саяси жұмыстың түрлері, оның әсерлілігі жөнінде нұсқау берілді.

Осыдан кейін үгітшілер арнаулы жоспар бойынша он үйліктерде, мал фермалары мен бригадаларда ССРО Конституциясы мен Советтік сайлау системасы жөнінде дауыстан газет оқу, әңгіме өткізу жұмыстарын ұйымдастырып, совхоз еңбекшілерін сайлау құрметіндегі социалистік жарыстың туын жоғары ұстауға жұмылдыруда. Мәселен, үгітшілер комсомолец В. Абрамов, Белова, Романенко жолдастар үкметтерінің сайлаушылармен сай-

ұштастырады. Сөйтіп, совхоз механизаторларын еңбек өнімділігін еселеп арттыру жолына жұмылдырады. Совхозда тракторларды жөндеудің өткен жылғы IV тоқсанның жоспары 110 процент орындалды. Осы айда жөндеушілер жоспардан тыс екі тракторды жөндеуден өткізбек.

Комсомолец Абрамов жолдас үгітші болып істейтін фермада мал өсірушілер сайлау құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, малдың қонды болуын, оның қысқы маусымда өнімділігі кемімеуін қамтамасыз етуде. Сауыншылар Иванова, Есенова, Дик жолдастар үстіміздегі жылы әрбір сауын сыйырдан 4200 литрден сүт асау үшін күресуде.

Совхоз партия ұйымы сайлау алдында-



өте қанағаттанғысыз жүргізіліп келе жатқанын айта кетугіміз керек. Мәселен, Булаев ауданының колхоздары жылдық есеп жасау, мүлік қаттау және тексеру жұмыстарын өте баяу жүргізіп отыр. Тіпті, бұл ауданның «Страна советов», «Новый путь» және Сталин атындағы колхоздарында 20 январьға дейін колхоздарды тексеру жұмыстары және мүлік қаттау жұмыстары қолға да алынбаған. Ауданның 13 колхозының небары 5-де ғана мүлік қаттау жұмысы жүргізілген.

Колхоздарда жылдық есеп жасау жұмыстарын ойдағыдай өткізуге, оларға МТС тарапынан басшылықты күшейту керек екендігі мәлім. Осыған қарамастан Булаев, Калинин атындағы МТС-тердің басшылары өздерінің қамтуындағы колхоздарда жылдық есепті жасау жұмыстарына көмектесуден және бұл жұмыстың барысына күнбе-күн басшылық етуден тыс қалып келеді. Ал, аудандық Совет атқару комитеті колхоздарда жылдық есеп жасау жұмыстарына МТС-тің қалай көмектесіп отырғанын үнемі бақылап және басшылық етіп отыруды ескермей отыр.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету беру жөнінде МТС-тердің алдына аса жауапты міндеттер қойды. МТС-тер өздерінің қамтуындағы әрбір колхоз бойынша мемлекеттік жоспардың толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Сондықтан да МТС басшылары мен олардың мамандарының колхоздарда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарын әзірлеуден тыс қару қалуы мүлдем төзгісіз жағдай. Бірақ амал не, бұл облысымыздың кейбір МТС-терінде әлі күнге

## Қатты бидай өндіру ісі ұлғайтылуда

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыра отырып, Қазақстанның колхоздары быйыл қатты бидай өсінуінің көлемін бір-жарым есе ұлғайтады. Табиғат жағдайы бидайдың осы түрін өсіруге неғұрлым қолайлы Батыс Қазақстан облысында қатты бидай өгісі барлық бидай өгісінің 70 процентіне жеткізіледі. Ақтөбе, Семей, Талдықорған облыстарында және басқа облыстарда да қатты бидай өгісі едәуір арттырылуда.

Республиканың озат колхоздары қатты бидай өгісінің басым көпшілігінде мол өнім өсірудің бағалы тәжірибесіне ие болды. Ақтөбе облысы, Родник ауданының Чкалов атындағы ауылшаруашылық артелі 1953 жылы осы дақылдың өрнектарынан 23 центнер астық алды. Сол облыстағы Степной ауданының Буденный атындағы, «Аван-

## ШІРІНДІ-ТОПЫРАҚ ҚҰМЫРАЛАРЫН ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН СТАНОКТЕР

Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің Павлодар механикалық заводы шірінді-топырақ құмыраларын жасауға арналған ФТС—5 станоктерін шығару ісін менгерді. Станоктің алғашқы тобы жасалды. Бұл станоктерді сынау жұмысы ойдағыдай аяқталды, оған агрономдар мен механизаторлар қатысты. Станок сағатына 2—2,5 мың құмыра жасайды. ФТС—5 станоктерін жасау жұмысы

сын мен өзара еынның кең өрісетілген жағдайында өткізілуі қажет. Бұл жыйналыстарда колхозшылар колхоз өндірісінде болған кемшіліктерді, олардың себептерін батыл ашуға, сондай-ақ, ол кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын белгілеуге тиіс. Мұның барлығы колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беруге зор көмек жасайды.

Көзір облыс колхоздарында мал қыстату, төл алу және көктемгі өгіске әзірлік жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Колхоздардағы өткізілетін есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарында бұл жұмыстардың барысы кеңінен талқыланып, орын алған кемшіліктерді жою шаралары белгіленуі керек.

Үстіміздегі жылы колхоздардағы есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстары ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік үстінде өткізілгені отыр. Сондықтан бүкілхалықтық мереке —сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу үшін шаруашылықтың барлық саласына іскерлікпен басшылық ету, фермаларда, өгіс бригадаларында сайлау құрметіндегі социалистік жарыстық кең өріс алуын қамтамасыз ету —колхоз басшыларының аса маңызды міндеті. Олар ұйымдастыру жұмысының бұл салаларын бұрынғыдан да жақсартуға күнбе-күн көңіл бөліп отыруға тиіс.

Колхоздарда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірлікті ойдағыдай жүргізіп, оны ұйымшылдықпен өткізу —жергілікті партия, совет ұйымдарының бүгін таңдағы жауапты міндеттерінің бірінен саналады.

«Большевик» колхоздары жүз пұттан өнім алды. Суармалы егіншілік жағдайында қатты бидай мұнан анағұрлым мол өнім беруде. Жамбыл мемлекеттік сорт сынау участогінде өткен жылы қара бидайдың өрнектарынан 45 центнер өнім жыйналды.

Қатты бидайдан мол өнім алудың озат колхоздар қолданып жүрген агрохимиясының комплексіне егісті бұрын жақсы дақыл егілген жерге орналастыру шаралары кіреді. Қыста ылғал жыйнаудың зор пайдасы тиіп келеді. Шортанды ауылшаруашылық тәжірибе станциясының үш жылғы мәліметтеріне қарағанда, қардың қалыңдығын 50—70 сантиметрге жеткізу қатты бидайдың «акмо-линка—5» сортының өнімін әр гектардан 7,7 центнер арттырды.

(ҚазТАГ).

Алматы механикалық-құю заводында, Қостанай механикалық заводында және Ақмоладағы совхозаралық жөндеу мастерскойында да жолға қойылды. Январда осындай 200 станок жасалады. Бұл станоктер 40 миллионнан аса шірінді-топырақ құмыраларын құйып, Қазақстанның барлық совхоздарының қажетін толық өтеуге мүмкіндік береді.

(ҚазТАГ).

## А. ЖОЛДЫҒАРИН.

### Жемшөп мол тасылды

Преснов ауданы, Жданов атындағы колхоздың мүшелері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өндірістік табыстармен қарсы алудың шараларын белгілеп, оны шұғыл жүзеге асыруға кірісті. Олар алдымен, малға керекті жемшөпті қоралар жаңына тасып алуды қолға шұғыл алды.

Осының нәтижесінде 8 жұмыс күні ішінде мал қораларының жаңына 2100 центнерден астам шөп тасылып үйілді. Сөйтіп, керекті мал азығының 90 проценті мал базаларына тасылып алынды. Шөп тасу жұмысы әлі де қызу жүргізілуде.

Бұл жұмыста, әсіресе, Ш. Төлебаев, Н. Жоламанов, Ш. Рахиев, С. Жаманбаев, Е. Мамбаев, М. Асаинов жолдастар нормаларын үнемі асыра орындап, еңбекте ерекше көзге түсуде. Сол сыяқты, осы колхозда «ДТ—54» тракторымен шөп тасып жүрген Николаев МТС-нің тракторшылары 3. Мұқанов, Е. Оразымбетов жолдастар да тапсырмаларын күн сайын артық орындап жүр.

Б. НЕКІБАЕВ.

## Пресновтықтардың бастамасына іспен жауап береміз

Біздің колхозда соңғы жылдары мал өсіру, оның өнімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік жоспарлар орындалмай келді. Мал өсіру жоспары өткен жылы жылқыдан ғана орындалды. Сол сыяқты сүт, жүн өнімдері де кем алынды. Мәселен 1953 жылы әрбір сауын сыйырдан небары 1516 литр сүт сауылып, әрбір қойдан 2,3 килограмм ғана жүн қырқылды. Мал шаруашылығында мұндай артта қалуымыздың ең негізгі себебі—қоғамдық малға жемшөп қорының берік базасы жасалмауы, жылы әрі жайлы қоралардың жеткіліксіз болуы, мал фермаларындағы колхозшылардың тұрақтандырылмауы болды.

Көзір партиямыз бен үкметіміз қоғамдық малдың санын көбейтумен бірге, оның өнімін арттыру міндетін қойып отыр. Бұл міндеттің мінсіз жүзеге асырылуы —халқымыздың сондай-ақ, жеңіл өнеркәсіптің мал шаруашылығы өнімдеріне деген қажетін толығынан қанағаттандырудың ең негізгі жолы болып саналады. Сондықтан колхоз басқармасы қоғамдық мал шаруашылығын жан-жақты өркендетудің нақтылы шараларын белгілеп, оны мұқият жүзеге асыруға колхозшы бұқараны жаппай жұмылдыруда.

Үстіміздегі жылы мал өсіру, оның өнімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік жоспарлардың орындалуы — мал қыстату және төл алу маусымдарының ұйымдасқан түрде өткізілуіне тығыз байланысты. Бұл маусымдарды үлгілі өткізбейінше мал шаруашылығы өркендетуде жаңа табыстарға жетуге болмайтындығын колхоздар мен совхоздар өздерінің жылы-жылы іс тәжірибелерінен айқын көріп келеді.

Сондықтан біз мал қыстатудың алғашқы күнінен бастап малды күтіп, бағу

жұмыстарын үлгілі жүргізіп келеміз.

Жоғамдық малға деп 12500 центнер шөп, 6500 центнер сабан және 2500 центнер жем әзірленгенді. Малшылар азықтың белгіленген мөлшерде, ұқыпты жұмсауына назар аударып келеді. Осының нәтижесінде бізде мал азығының орынсыз жұмсау фактісі жоқ. Малдың қоңы жазғы күнгідей.

Мал күтуде, әсіресе, колхозшылар И. Ескеев, Г. Роб, П. Жуминова, А. Лапухина, Е. Мүстафин, Е. Буп, А. Шанина, О. Келш жолдастар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Олар өздеріне берілген малды уақытылы азықтандырып, суарып отырады. Мал күтуде зоотехникалық-малдәрігерлік ережелері мұқият қолданады.

Біз қыстың күндері сыйырлардың сүттілігін арттыру мәселесіне жете назар аударып отырмыз. Ол үшін сыйыр малы фермасында 41 сыйыр ерекше күтімге қойылды. Мұның өзі игі нәтижесін беруде. Егер біз декабрь айының соңғы 7 күнінде 61 сыйырдан 361 литр сүт алсақ, январь айының алғашқы 7 күнінде 41 сыйырдан 600 литрден астам сүт алдық. Сыйырлардың сүттілігін арттыру—оларды күнарлы азықпен азықтандыруға тікелей байланысты екенін малшылар өздерінің іс тәжірибелерінен анық көруде.

Малға берілетін азықтың жұғымды болуын қамтамасыз ету мақсатымен фермаларда малға азықты турап, буландырып беру жұмысы кең қолданылып отыр. Бізде азықты турап беретін машина жұмыс істейді. Туралған азық қамбаларда «локо-мобиль» машинасымен буландырылады. Көзіргі уақытта күн сайын барлық фермаларда малға 250 центнер азық туралып, буландырып беріледі. Бұл жұмыс-

та колхозшылар Семухин, Ермолин жолдастардың еңбегі ерекше көзге түсуде.

Быйыл колхозшылар мал тұратын қора-жайды жақсарту ісіне ерекше көңіл бөлетін болады. Өткен жылы олар 150 бұзау тұратын стандартты қора салып, оны іске қосты. Быйыл кемінде екі қора салынуы көзделіп отыр. Біз соңғы екі-үш жылдың ішінде мал фермаларын түгелінен стандартты қорамен қамтамасыз етеміз. Бұл мал шаруашылығындағы ауыр жұмыстарды механикаландыра беруімізге қолайлы жағдай жасайды.

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру мал шаруашылығын барған сайын өркендетуге келеді үлес қосады. Жақында біздің колхозда мал суару, малға азық беру жұмыстары түгелінен механика күшімен атқарылатын болады.

Колхозшылар төл алу маусымын да ұйымдасқан түрде өткізуде. Шопандар бригадасы көзірдің өзінде 400-ге жуық қозы алып, оларды пығынсыз өсіруде. Малшылар быйыл бірде-бір төлді шығынға ұшыратпай аман өсіруді өздеріне негізгі міндет етіп қойды.

Біздің колхоздың колхозшылары мал қыстату, төл алу маусымдарын өткізудегі қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде, оның товарлы өнімін арттыруда быйылғы жылы жаңа зор табысқа ие болады. Сөйтіп, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі Преснов ауданы, «Путь к коммунизму» колхозының колхозшыларының үндеуіне нақтылы іспен жауап береді.

Г. ЧЕШКОВ,

Мамлют совхозы партия ұйымының секретары.

### ҮГІТ ПУНКТИ

Қаладағы темір жол училищесінің үйіне № 46 үгіт пункті орналасқан. Бұл пункттің үгітшілері сайлаушылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізуді қызу қолға алып, сайлау пунктін жұмысы сайлаушылардың тілегіне сай болу үшін оны көптеген газет, журналдармен қамтамасыз етті.

Үгітшілер тобы өздеріне бөлінген

участоктеріне барып, сайлаушылар ара-

### ОЗАТ СМЕНА

мысын атқарып жүр. Ал, стрелочниктер Дурдина және Коновалова өз участоктерінен поездарды мерзімінде және тоқтаусыз өткізіп тұрады.

Бұл смена жол торабы коллективінің арасында, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарыста алда келеді.

Мамлют ауданы, «Зерновая фабрика» колхозының председателі.

Г. ХОЛКИН,

Мамлют ауданы, «Зерновая фабрика» колхозының председателі.

лердің тұрмыстық дәрежесін көтере беруді және ауылшаруашылық өндірісінің өсуін көздейді, деді. Жоспарда өнеркәсіп өндірісінің өсуі 5,1 процент, тас көмір өндірудің өсуі 8,5 процент, электр қуатын өндіру —12,2 процент болып тағайындалды. Металлургия өнеркәсібін мұнан әрі өркендету машина өндірісін 10,6 процент көбейтуге, соның ішінде электр жабдықтарын өндіруді 2 есе көбейтуге мүмкіншілік береді.

Ауылшаруашылық өндірісінің жалпы көлемі 1953 жылмен салыстырғанда 12,1 процент артады.

Мемлекеттік жоспарда еңбекшілердің материалдық және мәдениет дәрежесін көтере беруге ерекше назар аударылған. Ұлттық кіріс 7,7 процент өсетін болады. 1953 жылмен салыстырғанда еңбекшілердің тұрмыстық дәрежесі 15 процентке көтеріледі. Сөйтіп, халықтың тұрмысы барған сайын жақсара беретін болады.

Ұлттық жыйналыс 1954 жылға арналған Чехословак Республикасының халық шаруашылығын дамытудың мемлекеттік жоспары туралы заң жобасын бірауыздан мақұлдады.

## Вьетнам-совет-қытай достығының айлығы жайында

ПЕКИН, 23 январь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Вьетнам-совет-қытай достығы айлығының ашылуына байланысты сөз сөйлеп, Вьетнам Еңбек партиясының (Лао-Донг) бас секретары Труонг Шин герман фашизмі мен жапон милитаризмін талқандап, сонымен вьетнам халқына өзінің демократиялық республикасын жасауды қамтамасыз еткен совет халқына тағы бір рет алғыс айтуға айлық вьетнам халқына ойдағыдай мүмкіншілік береді деп мәлімдеген.

Вьетнам-совет-қытай достығының айлығы, деп мәлімдеген Труонг Шин, Вьетнам мен Совет Одағы, Қытай және халықтық демократия елдерінің туысқан халықтары арасындағы достық байланысты бұрынғыдан да күшейтуге көмектеседі.

## КХДР-да мемлекеттік хауіпсіздендіру системасының енгізілуі

ПХЕНЬЯН, 23 январь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасының Министрлер кабинеті мемлекеттік хауіпсіздендіру системасын енгізу туралы қаулы қабылдады. Ең алдымен транспорт жолаушыларының өмірі, мүлік және мал хауіпсіздендіріледі.



# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Партия басшылығын ауыл шаруашылығы өндірісіне жақындата береміз

Преснов аудандық партия комитеті ЦКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының талабына сәйкес, партия аппаратын қайта құрып, жаңа структура бойынша жұмыс істеуде. Мұндағы мақсат — колхоздар мен МТС-терге басшылық етудегі иесіздікті жою, партия басшылығын ауыл шаруашылығы өндірісіне жақындату.

Ауданда 4 МТС бар. Олардың әрқайсысында және станциялардың қамтуындағы колхоздарда аудандық партия комитетінің секретарьлары бастаған нұсқаушылар топтары жұмыс істейді. Мен Майбалық МТС және оның қамтуындағы колхоздардағы партия қызметкерлерінің тобын басқарамын. Топтағы екі нұсқаушының әрқайсысы 3 колхозды қамтыды.

Топтың қызметкерлері алғашқы кезде біраз уақыт МТС пен колхоздарда болып, бастауыш партия ұйымдарының жұмыстарымен, шаруашылықтың жайымен танысты. Осыдан кейін, біз, топ қызметкерлері жыйналып, жұмысты қалай ұйымдастыру жөнінде пікір алыстық. Сөйтіп, топтың бір айлық жұмыс жоспарын жасадық. Мұнда бастауыш партия ұйымдарының ролін арттыру, МТС пен колхоздардың басшы кадрларымен жүргізілетін жұмысқа, колхозшылар арасындағы саяси үгітті күшейту мәселелеріне ерекше назар аудардық.

Өткен бір айда жүргізілген жоспарлы жұмыс өзінің тиісті нәтижесін берді. Топтың мүшелері МТС және оның қамтуындағы 6 колхоздың бастауыш партия ұйымдарына коммунистердің авангардтық ролі туралы партия жыйналыстарын өткізуге көмектесті. Әрбір колхоз бойынша 3—5 коммунистер екінші дәрежелі қызметтен босатылып, тікелей мал фермаларына жұмысқа жіберілді. Товарлы-сүт фермаларында партия және комсомол топтары ұйымдастырылды.

Осы сияқты, топтың мүшелері МТС және колхоз партия ұйымдарының үгітшілер құрамын іріктен алу және оларды тәрбиелеу жұмысына көмектесуде. Соңғы кезде колхоз үгітшілерімен екі-үш рет нұсқау-кеңес өткізілді. Бұл кеңестерде сентябрь Пленумының қаулысын бұқараға кеңінен түсіндіру, сайлау алдындағы саяси үгітті өрістетуге жөнінде топ қызметкерлері баяндамалар жасады. Топтың мүшелері бұқара арасындағы саяси жұмыстарға өздері тікелей қатысады. Біз

соңғы бір айда МТС жұмысшылары мен колхозшылар үшін 9 рет лекция оқып, баяндама жасадық және 60 -тан астам әңгімелер өткіздік. Сонымен қатар, ауыл-село интеллигенттерін, активтерді бұқаралық-саяси жұмысқа кеңінен қатыстыруды негізгі міндеттердің бірі етіп отырмыз. Жуырда Молотов атындағы колхоздың председатели Белогуб жолдас «Ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алудың жолдары» деген тақырыпта лекция дайындап, колхоз егіншілерінің алаңында оқып берді.

Аудандық партия комитеті қызметкерлерінің тобы комсомолдар мен жастар және әйелдер арасындағы саяси жұмысқа көп назар аударды. Топ қызметкерлерінің қатысуымен барлық колхоздарда комсомол жыйналыстары өтті. Екі колхозда өздерінің қорам жұмысында және өндірісте көрсете білген таңдаулы комсомолдар есебінен комсомол ұйымының секретарьлары қайта сайланды. Молотов атындағы, Аманкелді атындағы колхоздарда мал фермаларында жұмыс істеуге қосымша 5-6 комсомолдар жіберілді.

Топтың қызметкерлері өздерінің жұмысы басталғалы колхоз басқармаларына 14 рет бригада мүшелерінің жыйналыстары, 5 рет колхозшылардың жалпы жыйналыстарын өткізуге, онда көктемгі егіске әзірлік, мал қыстату маусымын үлгілі ұйымдастыру, «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артелінің мүшелерінің үндеуін талқылауға көмектесті. Осының нәтижесінде мал азығын қыстау маңына тасу, мал күтімін жақсарту, оның өнімділігін арттыру жөнінде колхозшылардың белсенділігі артта түсті.

Бастауыш партия ұйымының жұмысына көмектесуде топтың құрамындағы нұсқаушы Бельчиков жолдасының жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай. Чапаев атындағы колхоз ауданда артта қалған шаруашылықтардың бірінен саналады. Мұнда колхозшылар арасындағы ұйымдастыру және бұқаралық жұмысты елеулілік қорамдық мал шаруашылығын өркендету ісіне елеулі нұсқан келтіріп келген-ді. Нұсқаушы Бельчиков жолдас өзінің жұмысы, міне, осы кемшілікті жоюға көмектесуден бастады.

Ол бастауыш партия ұйымының ашық жыйналысында, колхоз басқармасының мәжілісінде, комсомол ұйымының жыйналысында мал қыстату маусымының жайын жақсарту жөнінде мәселе талқыла-

уына жетісті. Бельчиков жолдас үгітшілердің кеңесін өткізді. Оның көмегімен партия және комсомол ұйымдары мал шаруашылығына коммунистер мен комсомолдардың жаңа тобын жіберді, колхозда мал азығын тасу, оны дайындап беру жұмыстары жолға қойылды.

Көзір Майбалық МТС-нің қамтуындағы колхоздарда малды күту, оның құнарлылығын арттыру жұмыстары біраз жақсарды. Мұны мынадай фактіден көруге болады: егер колхоздар 1953 жылы январьда тәулігіне әрбір сауын сыйырдан небары 2—3 литрден ғана сүт сауса, көзір орта есеппен 5 литрден, ал, Молотов атындағы және «Организованный труд» колхоздары 8—9 литрге дейін сүт сауады.

МТС егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетуде негізгі күш екенін еске алып, біз Майбалық станциясының жұмысына көп көңіл бөлеміз. Мұнда партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. МТС механизаторлары арасындағы саяси үгіт шаруашылық міндеттермен байланыстыра жүргізіліп, коммунистердің авангардтық ролі арта түсті. Алайда, Майбалық МТС-і механизатор кадрларымен, әсіресе, инженер-техник кадрларымен толықтырылуда кенже қалып келеді. Бұл жөнінде облыстық ауылшаруашылық басқармасы алыстағы МТС-ті кадрлармен нығайтуды, оған материалдық-техникалық көмек көрсетуді ұмытып отыр. Тек осының салдарынан МТС-те тракторларды жөндеу, колхоз өндірісін механизандыру жұмыстары баяу жүргізілуде. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы Майбалық МТС-іне нақты көмек көрсетуге тиіс.

Біз жоғарыда аудандық партия комитетінің бір топ қызметкерлерінің алғашқы жұмыстарының кейбір нәтижелерін баяндадық. Бірақ, мұның бәрінен топтың жұмысында кемшіліктер жоқ деген ұғым тұмайды. Топ қызметкерлері әлі де болса ауыл-селода партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болуына, озағ тажрибенің кеңінен насихатталуына, барлық коммунистердің авангардтық роль атқаруына жетісуге тиіс. Біз бұл кемшіліктерді іс үстінде жою отырып, партиялық басшылықты МТС және колхоз өндірісіне жақындата береміз.

**М. БАЙБАТЫРОВ,**

Преснов аудандық партия комитетінің секретары.

### Мал өсіруші үгітшілер

Д. Бсмайлова және комсомолец А. Вильгельм жолдас «Борьба за коммунизм» колхозының (Совет ауданы) колхозшыларының құрметіне бөленген. Олар колхоз басқармасының және партия ұйымының ұйғаруы бойынша мал шаруашы-

лығымен орындап жүр. Бұлар еңбек енегелі көрсете отырып, мал өсірушілер арасында дауыстап газет оқыды, саяси әңгімелер өткізеді. Соңғы күндері Бсмайлова жолдас «Путь к коммунизму» колхозының (Преснов ауданы) мүшелерінің

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

### Колхозшылар тілегі

«Еркіндік» колхозының (Совет ауданы) бір бригадасы — Кеңес ауылы колхоз орталығынан 10 километр жерде тұрады. Колхоздың қой фермасы осы ауылға орналасқан. Фермада ондаған колхозшы семьясы жұмыс істейді. Бірақ, колхоз басқармасы (председателі Қ. Сыздықов жолдас) бұл бригадада тұратын колхозшылардың мәдени тілегін, тұрмыс қажетін өтеуге күні бүгінге дейін көңіл бөлмей келеді. Күнбе-күнді қажырлы еңбектен кейін колхозшылар бос уақыттарында көңілді дем алып, кітап оқып, шахмат, дойбы ойнағысы, кино көргісі, концерт тыңдағысы келеді. Бірақ, бұл үшін оларға қажетті жағдай туғызылмай отыр. Ауылда не қызыл мүйіз, не дүкен, не кино қойып көрсетіліп орын жоқ. Колхозшылар сіренке, сабын, тұз сияқты күнбе-күнді тұрмысқа қажетті заттарды 10—15 километр жердегі көршілес колхоздардан барып алады. Астрахановка селолық тұғыншылар қоғамының председатели Ақпанбаев жолдас көшпелі сауда ұйымдастырудың орнына, бұл жұмыстан бойын аулақ ұстайтын көрінеді.

Ауылда денсаулық, тазалық сақтау ісінің жайы да нашар. Мұнда бұдан бірнеше жыл бұрын қоғамдық мойша салынған болатын. Колхоз басқармасы өткен жылы бұл мойшаны құс фермасының орнына айналдырды.

Колхоз басшыларының бұдан былайғы жерде мәдениет мәселесіне жете көңіл бөліп, колхозшылардың мәдени және тұрмыстық қажеттерін тыңғылықты өтеудің шараларын қарастырғаны жөн.

**Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.**

### ЕҢБЕККҮН ЕСЕПТЕУ ЖҰМЫСЫ БЕТІМЕН ЖІБЕРІЛГЕН

Булаев ауданы, Сталин атындағы колхозда колхозшылардың істеген жұмыстарына еңбеккүн жазу бетімен жіберілген. Мәселен, колхозшы Н. Ережепова өткен жылдың күз айларында комбайннан астық тартушы болып істеген еді. Бірақ бригада есепшісі С. Мақашов жолдас бұл күндердің еңбеккүндерін мүлдем жазбаған. Ал, 80 жастағы колхозшы Ы. Баянбаев қарт колхозда күзетші. Бұл колхозшының да істеген жұмысына тиісті еңбеккүн есептелінбеген.

Колхоз бухгалтері С. Қазанов жолдас бригадирлер мен бригада есепшілерінен колхозшылардың істеген жұмыстарына еңбеккүн жазып отыруды талап етпейді. Колхоздағы № 3 бригаданың бригадирі Е. Ыбраевтың колхозшылардың өткен жылдың декабрь айының еңбеккүнін қорытып, колхоз бухгалтеріне талсырмағандығы, міне осыны көрсетеді.

Колхозшылардың еңбеккүн есептеу жұмысы қашан жолға қойылар екен?

**М. ЗАҒЫПАРОВ.**

### ТЕАТР ҮЙІ СУЫҚ

Облыстық драма театры қала еңбекшілерінің сүйікті демалыс орны. Театрға қойылатын пьесаларды олар қызыға қабылдайды. Бірақ театр дирекциясы еңбек-

## В. М. Молотовтың Берлинге келуі

БЕРЛИН, 23 январь. (СОТА). Бүгін ССРО, Франция, Великобритания және АҚШ Сыртқы Істер Министрлерінің кеңесіне қатысу үшін ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов, сол сияқты ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары А. А. Громько, ССРО-ның Англиядағы Елшісі Я. А. Малик, кеңесшілер және эксперттерлер Берлинге келді.

В. М. Молотовты Берлиннің Шенефельд аэродромында Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасының Председателі доктор Иоганнес Дикман, Премьер-министр Отто Гротеволь, Премьер-министрдің Орынбасары Вальтер Ульбрихт, Премьер-министрдің Орынбасары және Герман Демократиялық Республикасының Сыртқы Істер Министрі Лотар Больт, Премьер-министрдің Орынбасары және Финанс Министрі Ганс Лох, Премьер-министрдің Орынбасары және ауылшаруашылық және тоғай шаруашылығының Министрі Пауль Шольц, Үлкен Берлиннің обер-бургумистрі Фридрих Эберт, Герман Демократиялық Республикасы Үкіметінің басқа мүшелері, Герман Демократиялық Республикасының қоғам ұйымдарының басшы қызметкерлері қарсы алды.

В. М. Молотовты Герман Демократиялық Республикасындағы халық демократия елдері елшіліктері мен миссияларының басшылары, сол сияқты ГДР-дағы ССРО Елшісі және Германиядағы ССРО-ның Жоғарғы Комиссары В. С. Семенов, Германиядағы оккупациялық совет әскерлері Тобының бас қолбасшысы армия генералы А. А. Гречко, Германиядағы ССРО Жоғарғы Комиссары аппаратының, ГДР-дағы ССРО Елшілігінің жауапты қызметкерлері және Германиядағы оккупациялық совет әскерлері Тобының генералдары қарсы алды.

Қарсы алуға совет және шетел баспасөзінің өкілдері қатысты.

Аэродром Герман Демократиялық Республикасының және Совет Одағының жалауларымен безелді.

### ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовтың Герман Демократиялық Республикасының Президенті Вильгельм Пикте болуы

БЕРЛИН, 23 январь. (СОТА). Бүгін ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовты Герман Демократиялық Республикасының Президенті Вильгельм Пик Индершехгаузен сарайындағы өзінің резиденциясында қабылдады.

Қабылдауға Герман Демократиялық Республикасының Премьер-министрі Отто Гротеволь, Премьер-министрдің Орынбасары Вальтер Ульбрихт, Прези-

### Герман Демократиялық Республикасының Премьер-министрі Отто Гротевольдің В. М. Молотовты қабылдауы

БЕРЛИН, 23 январь. (СОТА). Бүгін ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М.

Берлинге келгеннен кейін Шенефельд аэродромында ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов совет және шетел баспасөзі үшін мынадай мәлімдеменің текстін берді:

«Берлин кеңесі бейбітшілікті нығайтуға, халықаралық қатынастардағы шиеленушілікті бәсеңдетуге, Европадағы хауіпсіздікті шын мәнісінде қамтамасыз етуге қандай дәрежеде қолғабыс тигізсе, ол өзінің негізгі міндетіне соншалық сай келеді.

Төрт держава сыртқы істер министрлерінің соңғы кеңесінен бері бес жыл өтті. Берлин кеңесін шақыру туралы болған келісім фактісінің өзі және бұл кеңеске халықаралық жұртшылық топтарының соншалық көңіл бөлуі алдағы басталатын келіссөздердің қажеттілігін кеңінен мойындағандығын, бұл келіссөздерге сан миллион адам көз тігіп бақылап отыратындығын көрсетті. Топтағы жеткен халықаралық мәселелер үстіндегі келіссөздерге ұлы халықтық мемлекет — Қытай Халық Республикасы неғұрлым тез қатысса, халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайту үшін солғұрлым жақсы болады.

Совет Одағының басқа мемлекеттерге қарсы, басқа халықтардың бостандығы мен ұлттық праволарына қарсы бағытталған мақсаттары болған емес, болмайды да. Өз халықтарының тыныштығы мен хауіпсіздігінің қамын ойлау мақсатын көздейтін барлық елдердің талаптары басқа мемлекеттердің мүдделері мен праволарына қарсы қойылмайтын болғандықтан, Совет Одағы тарапынан бұл талаптарды қолдау қамтамасыз етілген. ССРО үкіметі Совет Одағына да осындай көзқарас болуын көргісі келеді.

Қорытындыда, бізге, совет өкілдеріне Берлинде көрсетілген меймандестік үшін Герман Демократиялық Республикасының үкіметіне және барлық неміс достарға алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовты және оның жанындағы кісілерді жолшыбай Берлиннің ондаған мың еңбекшілері жылы жүзбен қарсы алды.

дент кеңесінің бастығы етате-секретары Отто Винцер, Протокол бөлімінің бастығы Фердинанд Тун қатысты.

В. М. Молотовты ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары А. А. Громько, ССРО-ның ГДР-дағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі, Германиядағы ССРО-ның Жоғарғы Комиссары В. С. Семенов ертіп жүрді.

В. М. Молотовты ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары А. А.



рінде көрмелер ұйымдастырылды. Облыс кино-театрларының экрандарында «Богдан Хмельницкий», «Донбас шахтерлері», «Тарас Шевченко», «Май түні» атты және басқа да фильмдер көрсетілуде.

Жуырда Петропавлдағы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында тематикалық көш өткізіліп, онда студенттер «Украина-ның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығы», «Богдан Хмельницкийдің өмірі мен қызметі туралы», «Украин халқы туысқан халықтардың семьясында» деген тақырыпта баяндамалар тыңдады.

## Озат әдістер кеңінен таратылсын

(„Жасыл шаршылар туралы әңгіме“ кинофильмі)

Академик Т. Д. ЛЫСЕНКО

Еліміздің кинотеатрларының экрандарында ғылыми-көпшілік «Жасыл шаршылар туралы әңгіме» түсті кинофильмі көрсетіле бастады.

Бұл фильм өте маңызды мәселе туралы баяндайды, сондықтан меніміше оны барлығы — ауыл шаруашылығының басшы қызметкерлерінен бастап қатардағы колхозшыларға дейін көруге тиіс, оның үстіне тек көріп қана қоймай, мазмұнын терең ойлау керек.

Жаңа кинофильм ауылшаруашылық отамалы дақылдарын шаршы-ұялы әдіспен егуге және отырғызуға арналған.

Картинаның пайдальығы туралы айтпастан бұрын, мен егісті отырғызудың жаңа әдісі туралы кейбір ескертулер жасағым келеді.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасы бойынша қабылданған қаулысында ауылшаруашылық өнімдері өндірісін едәуір ұлғайту қажеттігіне көп көңіл бөлінген. Сонымен қатар, Пленум белгіленген міндеттерді орындаудың нақтылы жолдарын көрсетіп берді.

Сонғы кезге дейін отамалы дақылдарды — омыртқы, картопты, жүгеріні, күнбағысты тағы басқаларын өсіру егіс жұмыстарын механикаландырудың ең артта қалған буыны болып келді. Бұл дақылдарды қатарлы деп аталатын әдіс бойынша сепкенде, жерді механикалық жолмен тек қатараралықтарда ғана өңдеуге болады, ол дақыл отырғызылған қатарларды өңдеуді қол күшімен жүргізуге тура келеді. Олай болса, мұның өзі еңбекті көп керек ететіні және іс жүзінде бұл дақылдардың қатараралықтарын өңдеудің ұзаққа созылатыны өзінен-өзі белгілі.

\*) Москваның ғылыми-көпшілік фильмдер киностудиясы жасап шығарған. Фильмді қоюшы — режиссерлар Е. Ерманов, С. Хуллов, ғылыми консультанттар: В. Мастерова, А. Максимова, П. Войтов, Ю. Скибневский, сценарийдің авторы Н. Шниговский.

арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізеді. Д. Ысмайлова № 4 бригадда сыйыр малын күтеді. Ал, Вильгельм малға сабанды турал және бұлап беруде өндірістік тапсырмасын үнемі арты-

### КОММУНИСТЕР МЕН КОМСОМОЛЦТЕРДІҢ САЯСИ ОҚУЫ

Ленин атындағы колхоздың (Совет ауданы) коммунистері СОКП тарихын үйренетін негізгі типті үйірмеде оқып, өздерінің саяси білімдерін арттыруда. Бұл колхозда комсомол оқуы жүзесінде екі үйірме жұмыс істейді. Онда 35 комсомолец және одақта жоқ жастар оқыйды.

Коммунистер мен комсомолецтер үйір-

інде, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу жөнінде ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы туралы әңгімелер өткізді.

С. ХАМЗИН.

мелердің сабағына үзбей қатысуда. Коммунистер Посвященный, Бегішев, Хайрудинов, комсомолецтер Гаевский, Байқанов жолдастар өткен материалдар бойынша конспект жасап, сабаққа белсене қатысады.

К. ЖУМАШКИН.

ның өзінде бір гектарға 20,8 мың орын (үя) сыяды. Бірақ, әрбір үяда екі өсімдіктен болады. Олай болса, бір гектардағы өсімдік саны (41.000) әдеттегі бір қатарлы әдістегі мөлшерге тең болып шығады. Жүгері мен күнбағыстың бір үяда қатар өсіп тұрған екі өсімдігі бір біріне зиянын тигізбейді. Оның үстіне мұндай екі өсімдік бір қатарлы егіс жағдайында қоректену үшін осындай алаң алып жатқан жеке-жеке екі өсімдіктің беретін өнімінен кем өнім бермейді. Қайта жүгерінің жеке өсімдігі жанында қатарласып екінші өсімдік — арамшөп өсіп тұрса, онда жүгерінің өнімі төмендейді, өйткені, арамшөп өсімдікке зиянын тигізеді.

Жүгерінің бір үяға орналастырылған екі өсімдігінің әрқайсысының беретін өнімі бір қатарлы егіс жағдайында 70x35 сантиметрлік қоректену алаңын алып жататын жалғыз өсімдіктің беретін өніміне тең болады. Егер оның үстіне дақылды шаршы-ұялы әдіспен өсіру жағдайында өңдеу жұмысының механикаландырылғандығын, ал әдеттегі әдіс жағдайында өңдеу жұмысы қолмен атқарылатындығын еске алақ, өндірістік жағдайларда жүгеріні, күнбағысты немесе басқа да отамалы дақылдарды шаршы-ұялы әдіспен өккенде олардың өнімі әрқашан артық болатындығы өзінен-өзі айқындала түседі.

Алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздар жүгері мен күнбағысты шаршы-ұялы егуді бірнеше жылдан бері қолданып келеді және осының арқасында үлкен алаңдарда мол өнім жыйнап жүр. Фильмде көптеген тамаша мысалдар келтірілген. Мәселен, Днепропетровск облысының Чкалов атындағы колхозы жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен егуіп, жыл сайын әрбір гектардан 50 центнерден өнім жыйнауда.

Фильмде шаршы-ұялы әдіспен егудің және отырғызудың тәжірибесін жыйнақтаған колхоздар мен совхоздардың нақтылы ісінен көптеген тамаша мысалдар келтірілген. Біз жаңа әдісті бірінші болып бастаушыларды және жасаушыларды — Москва облысы, Серпухов ауданы, Сталин атындағы колхоздың председатели Ануфриев жолдасты және осы артельдің мүшелерін көреміз.

Алғашта бізде шаршы-ұялап отырғызуға арналған машиналар болмағаны ма-

шілердің көңілдегідей дем алуы үшін толық жағдай жасай алмай отыр. Залдағы пештер жағылмайды. Театр іші суық. Келушілер театр залының суықтығынан спектакльдерді қалып киіммен отырғып көруге мәжбүр болып жүр.

Әрбір демалыс сайын театрда жастар кеші ұйымдастырылады. Бірақ театр дирекциясының жағдай жасамағандығынан бұл кештер де ойдағыдай болып өтіп жүрген жоқ.

Театр дирекциясы театрға келген еңбекшілер үшін толық жағдай жасауға міндетті.

Ю. ЦУКИН.

лім. Бірақ, соның өзінде, ол кезде алдыңғы қатарлы колхоздар әдеттегі трактор культиваторын бейімдеп жабдықтап, егіс алаңында картопты шаршы-ұялы әдіспен отырғызып жүрді. Қазір совет оқымыстылары «СКГ—4» арнаулы машинасын жасап шығарды. Зрителдер осы машинаны көріп, оның жұмыс істеу принциптерімен танысады.

Фильмде картоп отырғызыптың жұмыс істен жүрген кезінде дәлме-дәлдіктің және тынақтылықтың қажеттігі өте орынды атап көрсетілген. Жұмыстағы ұқыпсыздықтың салдарынан шаршының дұрыс жасалмауы, өңдеу жұмыстарының екі бағытта бірдей механика күшімен атқарылмауы тәжірибеде жиі кездесті. Шаршы-ұялы егу және отырғызу әдісі негізгі әдіс болатындығын ескере отырып, колхоздардың агрономдары мен председателдерінің бұл жағдайға үстіміздегі жылғы ерекше көңіл бөлуі керек. Бұл істері кәсіпкерлер, шаршылардың дұрыстығын сақтамау көлденең бағытта өңдеуді механика күшімен атқаруға мүмкіншілік бермейді.

Отамалы дақылдарды шаршы-ұялы әдіспен егу және отырғызу жергілікті және минералды тыңайтқыштарды дұрыс және тиімді пайдалануға орасан зор мүмкіншіліктер береді. Москва облысы, Раменск ауданы, «Вперед к коммунизму» колхозында құмды жерлерде әрбір шұңқырға 0,5 килограмм мөлшерінде көң мен минералды тыңайтқышты араластырып салып, культиватормен шаршы-ұялап өккенде әрбір гектардан 156 центнерден картоп алынған. Мұндай өнім алынуын қамтамасыз ету үшін жерге шамамен 30—40 тонна көң түге керек болар еді, ал, көңді араластырып пайдаланғанда оның тек 10 тоннасы ғана керек болады.

Картоп егісіне және басқа отамалы дақылдар егісіне арналған алаңдарды тыңайту туралы мәселеге байланысты мен колхозшыларға және совхоз қызметкерлеріне мынадай кеңес бергім келеді: қышқыл күлгін топырақты жерлерде (бұған еліміздің орталық аудандарының көптеген жерлері жатады) егу және отырғызу жүргізген кезде әрбір үяға әкті пірінді мен және фосфорит ұнымен, суперфосфатпен немесе басқа тыңайтқышпен араластырып салып отырған өте пайдалы. Егер әрбір шұңқырға мұндай қосындының 200—300 граммын салып отырса, өнімді едә-

Молотов Герман демократиялық республикасының Премьер-министрі Отто Гротевольде болды. Қабылдауда Герман Демократиялық Республикасының Сыртқы Істер Министрі Лотар Болц қатысты.

## Сыртыққы Істер Министрі В. М. Молозовтың Берлинде Трентов-Паркіндегі совет жауынгерлерінің ескерткіштеріне гүлдер қоюы

БЕРЛИН, 24 январь. (СОТА). Бүгін ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Берлинде Трентов-Паркіндегі Берлин үшін болған ұрыстарда қаза

Громько, ССРО-ның Герман Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочиеді Елшісі, ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы Комиссары В. С. Семенов ертіп жүрді.

тапқан совет жауынгерлерінің ескерткішіне гүлдер қойды.

Гүлдер қою кезінде А. А. Громько, Я. А. Малик, В. С. Семенов, Г. Н. Пушкин, Л. Ф. Ильичев, Г. Н. Зарубин, И. И. Ильичев, С. А. Виноградов, А. А. Соболев, Н. Т. Федоренко, Д. А. Жуков қатысты.

## ТӨРТ МЕМЛЕКЕТ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ БЕРЛИН КЕҢЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

ҮШ БАТЫС МЕМЛЕКЕТ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ СЕПАРАТТЫҚ КЕҢЕСІ

ПАРИЖ, 23 январь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Берлиннен мынаны хабарлады:

ҮШ Батыс мемлекеттің сыртқы істер министрлері 25 январьда ашылуға тиіс төрт мемлекет кеңесінде өздерінің позициясын талқылау үшін бүгін таңертең кездесті.

## АҒЫЛШЫН-ЕГИПЕТ ҚАТЫНАС-ТАРЫ ЖАЙЫНДА

ЛОНДОН, 24 январь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің хабары бойынша, автоматтармен қаруланған ағылшын солдаттары 23 январьда Тель-эль-Кебир темір жол станциясының бір бөлегін, сол сыяқты, Суэц каналының бойындағы Эль-Хаммад деревнясына жақын жердегі темір жол көпірін және жолды басып алған. Ағылшындардың болат сауытты автомобильдері мен танктері Исмаил арқылы өтетін тұщы су каналының оңжақ жағалауын да басып алған.

Редактордың орынбасары  
Г. НУРМОЛДИН.

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КРИЧИНСКИЙДІҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ»  
Сеанстар сағат 6,30-8,30-10,30-да басталады.

### «ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«СИЛЬВА»

Сеанстар сағат 6,20-8-10-да басталады.

(«Правдадан» 17 январь 1954 ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.